

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің  
07.09.2022 жылғы жалпы отырысының  
стенограммасынан үзінді көшірме  
Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті  
Мәжілісінің Төрағасы Е. ҚОШАНОВ жүргізді.**

**Выписка из стенограммы пленарного заседания  
Мажилиса Парламента Республики Казахстан  
от 07.09.2022 года  
Вел заседание Председатель  
Мажилиса Парламента Республики Казахстан  
Е. КОШАНОВ.**

ТӨРАҒА. Келесі мәселе «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (бірінші оқылым).

Сөз Әділет министрі Мусин Қанат Сергейұлына беріледі.

МУСИН Қ.С. Құрметті Ерлан Жақанұлы, құрметті депутаттар! «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасы Мемлекет басшысының Жолдауын іске асыру мақсатында әзірленді.

Заң жобасының мақсаты Жолдаудан туындайтын Конституциялық Сотты құру, сайлау процесін жаңғырту және Есеп комитетін Жоғары аудиторлық палатаға қайта құру бөлігіндегі саяси реформаларды толыққанды іске асыруды қамтамасыз ету болып табылады.

Жалпы заң жобасы шеңберінде Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 13 бабына түзетулер енгізу қарастырылған.

Түзетулерді төрт бағытқа бөлуге болады.

Біріншіден, Конституциялық Соттың құрылуына байланысты Конституциялық Кеңес пен оның мүшелері аталған баптарға оларды Конституциялық Сот және оның судьяларына ауыстыру тұрғысында нақтылайтын түзетулер ұсынылады. Сонымен қатар «Конституциялық Сот туралы» Конституциялық заң жобасының нормаларын іске асыру үшін Конституциялық Сотқа құрметтемеушілік білдіргені үшін әкімшілік жауапкершілік енгізу ұсынылады.

Екіншіден, заң жобасында Есеп комитетінің атауын Жоғары аудиторлық палатаға ауыстыру бойынша нақтылайтын түзетулер көзделген.

Үшіншіден, «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңға түзетулерді сайлау алдындағы үгіт жүргізуге және үгіт материалдарын таратуға қатысты әкімшілік құқық бұзушылық құрамдарымен байланыстыру мақсатында заң жобасында кодекстің 112 және 113-баптарына түзетулер көзделген. Атап айтқанда, үгіт материалдарын жаңалықтар мен талдау бағдарламаларында таратқаны, сондай-ақ онлайн-платформалар арқылы үгіт жүргізу шарттарын бұзғаны үшін жауапкершілік енгізіледі.

Төртінші және соңғы бағыт кодекстің 874-1-бабының Конституцияның 83-1-бабының Адам құқықтары жөніндегі уәкілді Сенаттың келісімінсіз сот тәртібімен қолданылатын әкімшілік жазалау шараларына тартуға болмайды деген бөлігіне сәйкес келтіру болып табылады. Қолданыстағы редакция Бас Прокурордың келісімін көздейді.

Осылайша заң жобасының белгіленген бағыттарын іске асыру әкімшілік деликтілік заңнаманың жүргізіліп жатқан саяси реформалармен сәйкестендіруді қамтамасыз етеді деп пайымдаймыз.

Баяндама аяқталды. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, енді сұрақ беру рәсіміне көшеміз.

Депутат Сапарова Әлия Сүйіндікқызы.

САПАРОВА Ә.С. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Менің сұрағым баяндамашы мен Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің өкіліне арналады.

Баяндамада айтылғандай, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 112-бабына онлайн-платформалар арқылы сайлау алдындағы үгіт жүргізу шарттарын бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілік белгілеу ұсынылады.

Онлайн-платформа бұл жазбаша мәтінді немесе суретті нақты айқындалған немесе айқындалмаған тұлғалар тобына хабарламаларды және тағы басқаны орналастыру арқылы ақпаратты таратуға арналған интернет-ресурс немесе жедел хабарламамен алмасу сервисі екені белгілі. Менің сұрағым осыған байланысты.

Сонда онлайн-платформаларды пайдаланушылардың жауапкершілігі мессенджерлер арқылы жеке хат алмасуларға да қатысты бола ма? Өйткені бір хабарлама бір ғана тұлғаға емес, бірнеше адамға көп рет жолдануы да әбден мүмкін.

Осы мәселеге тоқталып, нақтыласаңыз. Рақмет.

МУСИН Қ.С. Рақмет, Әлия Сүйіндікқызы.

Онлайн-платформаны пайдаланушылар заң жобасында үгіт-насихат субъектілері ретінде енгізілген. Сондықтан жобамен бұқаралық ақпарат құралдарымен қатар онлайн-платформаларды пайдаланушыларды сайлаудың алдында үгіт жүргізу шарттарын бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілік қолдануды ұсынады. Алайда жауапкершілік мессенджердегі жеке хат-хабарламаға қолданылмайды. Өйткені ол жеке адамдардың ортасында жүргізіп жатқан қатынас қой. Онлайн-платформалар анықтамасына сәйкес ол пайдаланушының өзі жасаған және парак арқылы ақпаратты белгілі бір немесе белгісіз адамдар тобына орналастыру арқылы таратуға арналған. Бұның екі мессенджер мен онлайн-платформаның мақсаты бөлек.

Сонымен бірге хат алмасу кезіндегі жеке хабарламалардың құпиясына Конституция кепілдік береді. Демек, сайлау алдындағы үгіттік-шарттық негізде жүзеге асыратын және өзі құрған қоғам үшін жеке парак арқылы

ақпарат көлемін жариялайтын онлайн-платформалардың пайдаланушылары ғана жауапқа тартылады.

ТӨРАҒА. Депутат Раманқұлов Мақсат Базаралыұлы.

РАМАНҚҰЛОВ М.Б. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Менің сұрағым Орталық сайлау комиссиясының өкіліне.

Құрметті Шавхат Әнесұлы! Заң жобасы шеңберінде Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 113-бабына анонимді үгіт материалдарын дайындау немесе тарату үшін әкімшілік жауапкершілікті белгілейтін өзгерістер енгізу ұсынылады.

Үгіт-насихат материалы жасырын екенін қалай анықтауға болады? Себебі кез келген адам материалды оқып, оны қызықты деп санап басқа адамға жібере алады. Бұл жағдайда әкімшілік жауапкершілік пайда бола ма? Рақмет.

ӨТЕМІСОВ Ш.Ә. Сұрағыңызға рақмет.

Алдымен анонимдік материал болып табылатын мәселеге келетін болсақ, қолданыстағы сайлау туралы Конституциялық заңның 28-бабының 5-тармағына сәйкес үгіт материалдарды дайындаған кезде сол материалдарда ол материалдарды шығарған ұйым, сол материалдар басылған жер мен таралымы, тапсырыс жасаған тұлғалар, қандай қаражаттан төленгені туралы мәлімет болу керек. Егер осындай деректер болмаса, онда бұндай үгіт-баспа материалдары анонимдік болып есептеледі. Ал анонимдік үгіт материалдарын әзірлегені және таратқаны үшін Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске сәйкес жауапкершілік белгіленген. Сондықтан егер анонимный материалды тарататын болса, жауапкершілікке тартылатын болады ол адам.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, осымен сұрақтар аяқталды.

Қанат Сергейұлы, рақмет. Орныңызға отырыңыз.

Енді қосымша баяндама жасау үшін сөз Заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің мүшесі депутат Бекжанов Берік Айдарбекұлына беріледі.

БЕКЖАНОВ Б.А. Рақмет.

Құрметті Ерлан Жақанұлы! Құрметті әріптестер! Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын қарастырды.

Аталған заң жобасы Мемлекет басшысының бастамасымен жүргізіліп жатқан саяси реформаларды толыққанды іске асыруға бағытталған және Жаңа Қазақстанның жаңа саясатының тұжырымдамасына толық сәйкес келеді.

Жұмыс тобы шеңберінде заң жобасын талқылау кезінде депутаттар мен Заңнама бөлімінің ұсыныстары қаралды. Заң жобасының мәтінінде құқықтық олқылықтарды болдырмау, өзге де заңнамалық актілерге сәйкес реттеу мақсатында редакциялық, нақтылау сипатындағы түзетулер енгізілді.

Парламент Мәжілісінің тұрақты комитеттері заң жобасы бойынша оң қорытындыларын берді.

Жоғарғы Сот, Бас прокуратура, Есеп комитеті, Орталық сайлау комиссиясы, Әділет министрлігі және басқа да мүдделі мемлекеттік органдар



мен үкіметтік емес ұйымдар өкілдері, сарапшылардың қатысуымен жұмыс тобының бес отырысы өткізіліп, бұл бағыт бойынша жұмыстар жалғасын табуда.

Атап айтқанда, жұмыс тобы аясында Конституциялық Сотқа құрметтемеушілік білдіргені үшін әкімшілік жауапкершілік енгізу, онлайн платформалар арқылы сайлау алдындағы үгіттің шарттарын бұзу мәселелерін жетілдіру мақсатында толықтырулар енгізіліп жатыр.

Қорыта келе, комитет заң жобасын Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі жалпы отырысының талқылауына енгізіп, бірінші оқылымда мақұлдауға негіз бар деп есептейді.

Қолдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Берік Айдарбекұлы.

Әріптестер, енді заң жобасын талқылауға көшеміз. Сөз депутат Елюбаев Мәди Сағынтайұлына беріледі.

ЕЛЮБАЕВ М.С. Рақмет.

Құрметті Ерлан Жақанұлы! Құрметті әріптестер! Материалдық нормаларды да, әкімшілік жауапкершілік шараларын да жан-жақты қарастыру мақсатында Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілген «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексiне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасы дер кезінде жасалған және мұқият талқылауды қажет етеді деп есептеймін.

Бұл заң жобасы жүргізіліп жатқан саяси реформаларды толыққанды жүзеге асыруға бағытталған. Сонымен қатар Мемлекет басшысы еліміздің саяси құрылымын қалыптастыру бойынша нақты міндеттер қойды.

Республикалық референдумның қорытындысы бойынша Конституцияға тиісті өзгерістер енгізілді.

Қазір Мемлекет басшысының Жолдауы мен жаңартылған Конституцияны жүзеге асыруда қолданыстағы заңнамаға ауқымды түзетулер енгізілуде. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекс тыс қалған жоқ.

Ұсынылған заң жобасы жан-жақты қарастырылып, Парламент Мәжілісінің қарауына дер кезінде енгізілген және депутаттық корпус тарапынан қолдауды қажет етеді деп санаймын.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Басқа талқылауға қатысатын депутаттар жоқ. Талқылау барысында осы заң жобасын тұтастай мақұлдау жөнінде бір ғана ұсыныс түсті. Қарсылықтарыңыз жоқ болса, осы ұсынысты дауысқа қоюға рұқсат етіңіздер.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 97, «жақтағандар» – 97. Шешім қабылданды.

Енді осы мәселе бойынша қаулының жобасы сіздерде бар. Сол бойынша да дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 97, «жақтағандар» – 97. Қаулы қабылданды.



*Дүние: Құжаттамамен қамтамасыз ету  
бөлімінің сектор меңгерушісі  
Майя Н. Шабокина.*